

ТУРИЗМ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ
ТУРИЗМ: МИРОВОЙ ОПЫТ
TOURISM: WORLD EXPERIENCE

FTAX3 06.52.17
ӘОЖ 338.48
JEL I32

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-4-293-307>

С.Т. КАРГАБАЕВА,¹

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.
e-mail: ksauleshka@gmail.com
ORCID ID 0000-0001-9932-7676

М.К. ТУЛЕУБАЕВА,²

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.
e-mail: mika75.75@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-8113-8532

Г.У. МАКЕНОВА,^{*3}

Э.ғ.м., аға оқытушы.
*e-mail: gulsim.nakenova@narxoz.kz
ORCID ID: 0000-0002-1684-1694

О.В. КИРИЧОК,⁴

PhD, қауымдастырылған профессор.
e-mail: o.kirichok@cu.edu.kz
ORCID ID: 0000-0003-1059-4917

¹Алматы менеджмент университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
катынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы қ., Қазақстан

³Нархоз университеті,
Алматы қ., Қазақстан

⁴Каспий қоғамдық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ АЙМАҚТАРДЫҢ
ИНКЛЮЗИВТІ ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақаланың негізгі мақсаты аймақтарды дамытуда халықаралық туризмнің инклюзивті құралы ретінде туристік бағыттардың тұрақты даму модельдерін қалыптастыру мен туристік бағыттардың тұрақты даму моделін құру арқылы аймақтардың тұрақты даму индикаторлары арасындағы өзара байланыс дәрежесін анықтау. Жағдайды талдау мақсатында авторлар Шығыс Қазақстан, Алматы облыстары және Алматы қаласын қамтитын модельді қарастырады. Зерттеу барысында туризм саласындағы аймақтарды дамытудың инклюзивті көрсеткіштері жүйесіндегі алты негізгі көрсеткіштердің тұжырымдамалық мәні мен әсері

анықталды. Әлем бойынша қызмет көрсету саласы қарқынды дамып, миллиондаған адамдарды жұмыспен қамтып отыр, сонымен қатар, осы саланың инклюзивті бағытта даму үдерісі халықаралық ұйымдар мен дамыған мемлекеттердің Ұлттық даму стратегияларындағы негізгі бағыттардың бірі. Сондықтан жұмыстың өзектілігі халықаралық туризмді аймақтарды инклюзивті дамыту құралы ретінде зерттеуде жатыр. Зерттеудің негізгі әдістері жалпылау, салыстыру, экономикалық және статистикалық талдау болды, сонымен қатар үлес салмағының дәрежесі мен мәнін анықтауға арналған көрсеткіштердің орташа арифметикалық мәні, корреляциялық талдау және Пирсон сызықтық корреляция коэффициенттері қолданылды. Авторлар туристік бағыттардың тұрақты даму моделін құрудың негізі ретінде мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін басқару үдерісі мен көрсеткіштерін біріктіру және жүйелеу құралы ретінде кешенді тәсілді ұсынады. Туристік аймақтарды дамытуда тұрақтылықтың қажетті деңгейін қамтамасыз ету саласында механизмді қалыптастыру ұсынылады.

Тірек сөздер: халықаралық туризм, инклюзивті даму, аймақ, ұйымдар, негізгі көрсеткіштер, елдер, қызмет көрсету саласы.

Кіріспе

Туризм әлем бойынша қарқынды дамып жатқан салалардың бірі, туризм миллиондаған халықты жұмыспен қамтып, материалдық емес саласын тиімді игеру арқылы табыс көзіне айналдырып, елінің макроэкономикалық көрсеткіштері мен инфрақұрылымының өсуіне, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайының көтерілуіне мультипликативті түрде оң әсерін тигізуде.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасындағы басты бағыттарының бірі туризм саласын дамыту болып отыр. 2001 ж. 13 маусымда «ҚР-ң туризм саласын дамыту» Заңнамасы қабылданды [1]. Аталған заңды жүзеге асыру мақсатында «ҚР-ң туризм саласын дамыту» тұжырымдамасы бекітілді. «ҚР-ң туризм саласын 2019–2025 жж. дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламасы қазіргі кезеңде жүзеге асырылуда [2].

«Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы негізінде республикамызда 177 жоба іске асырылып, 60 млрд теңгемен қаржыландырылды, атап айтсақ, еліміздің 12 әуежайларында «Ашық аспан» режимі белгіленді, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерін дамыту тұжырымдамаларына сәйкес басты жоспарға түзетулер енгізілді, туризм саласына қажетті мамандарды халықаралық стандартқа сәйкестендіру мақсатында 2020 ж. Түркістан қаласында Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті ашылды [3].

Сонымен қатар, туризм саласын дамытуда мемлекет тарапынан қаржылық қолдау жалғасуда, атап айтқанда, бір шетел туристі үшін 15 мың теңге арқылы туристік операторларды субсидиялау, отбасылық туризмді дамытуда «Kids Go Free» бағдарламасы негізінде жас балаға төленетін әуежай билетін субсидиялау сияқты іс-шаралар жүргізілуде [3].

Қазақстан Республикасының президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Халыққа жолдауында халықтың әл-ауқатының сапалы да, инклюзивті бағытында өсуіне ерекше тоқталып кеткен еді [4].

ҚР-ң Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Халыққа Жолдауында еліміздің жаңа экономикалық бағыттарын айқындайтын қағидаттарды, соның ішінде әділеттілік, инклюзивтілік мен прагматизмді атап өтті [5].

Covid-19 соңғы онжылдықтардағы халықаралық туризмге және жаһандық кедейлікке ең ауыр соққы беріп, әлем бойынша жұмыссыздықтың өсуіне әкелді. Жалпы әлемдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің орын алуы, әлеуметтік мәселелердің күрделенуі аймақтарда халықаралық туризмнің инклюзивті даму бағытының бір құралы ретіндегі маңыздылығы мен өзектілігін айқындайды.

Мақаланың мақсаты – замануи трендке айналған инклюзивті дамудың аймақтар үшін маңыздылығы және туристік бағыттардың тұрақты даму моделін құру арқылы аймақтардың тұрақты даму көрсеткіштері арасындағы өзара байланыс дәрежесін анықтау.

Осы мақсатқа жету аясында келесідей міндеттер қойылады:

- 1) инклюзивті даму ұғымын жан-жақты талдауда ғалымдардың ғылыми мақалаларымен танысу;
- 2) халықаралық туризмнің инклюзивті даму бағытына әсер етуші 6 көрсеткішті анықтау;

3) аймақтардың тұрақты даму көрсеткіштері арасындағы өзара байланыс дәрежесін анықтау үшін корреляциялық талдау жасауда Пирсонның сызықтық корреляция коэффициенттерін анықтау негізінде өзара байланысын талдау.

Материалдар мен әдістер

Инклюзивті даму тұжырымдамасы ұғымының мағынасын талдайтын болсақ, ағылшын тілінен аударғанда «Inclusive growth» «жан-жақты өсу» немесе «келісілген өсу» дегенді білдіреді. «Inclusive growth» ұғымы Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми термині. Инклюзивті экономика және инклюзивті экономикалық өсу соңғы жылдары халықаралық және ұлттық ұйымдардың (ХВҚ, ЭЫДҰ, ЕҚДБ, Дүниежүзілік банк) құжаттарындағы жетекші тақырыптардың біріне айналды. Мемлекеттік және мемлекетаралық деңгейлердегі шешімдер инклюзивті даму индикаторлары негізінде жүргізіледі.

«Қоғамдағы азаматтардың барлығын экономикамызды дамытуда жұмыс істеуге тарту» [6] немесе «барлық азаматтарға жұмыс істейтін экономиканы құру» немесе «адамдардың жұмыссыз қалмауы, барлығының жұмысқа қатысуы» – инклюзивті даму тұжырымдамасының негізгі қағидасы. Осы бағыттағы зерттеулер әлемдік деңгейде өзектілігін арттыруда.

Инклюзивті өсу – бұл әділ бөлінетін өсу, яғни қоғамның бірде-бір сегменті жүйелі түрде артта қалмайды, әсіресе бұл қоғамның ең кедей және осал топтарына қатысты мәселелер [7].

Дүниежүзілік экономикалық форум (ДЭФ) 2017 ж. «Инклюзивті даму индексі» (the Inclusive Development Index – IDI) енгізді [8]. Оның мақсаты – инклюзивтілік ұғымына кіретін әртүрлі аспектілерді өлшеу арқылы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуын салыстыру.

ДЭФ тиімділіктің ұлттық негізі көрсеткіштерін 3 топқа: Өсу және даму, Инклюзивтілік, Ұрпақтар арасында тұрақтылық және теңдік болып бөлінді. 3 топқа бөлінетін 12 индикатор арқылы мемлекеттің даму дәрежесін, халықтың әл-ауқатын анықтауға болады [8].

3 топқа бөлінетін 12 индикатор көрсеткіштерінен алдымен топтық индекстер қосылады, содан кейін олардың орташа арифметикалық мәні, қорытынды есептеледі. ДЭФ-тің пікірінше, мұндай кешенді көрсеткіш экономикалық дамудың біртұтас көрінісін көрсетеді, егер оның мақсаты тауарлар мен қызметтер өндірісін ұлғайту ғана емес, халықтың өмір сүру деңгейін тұрақты арттыру болса, егер инклюзивті даму қамтамасыз етілмесе, онда ЖІӨ-нің өсуіне қарамастан экономиканың әлеуетті өсу қарқыны төмендейді.

Инклюзивті дамудың төмен көрсеткіші инфрақұрылымдық проблемалардың, экономиканы әртараптандырудағы кемшіліктердің және инвестициялық қауіп-қатерлердің барын көрсетеді. Инклюзивтік өсу индексі уақыт өте келе елдердің экономикалық дамуын бағалау жүйесіндегі көрсеткіштер халықаралық ұйымдардың болжамы бойынша басым орынға ие болады деп күтілуде.

Сонымен, Инклюзивті даму индексінің үш компоненті бойынша келесі қорытындылар жасауға болады. Инклюзивтілік индикаторларының ең үлкен мәндері экономикалық құрамдас бөлікке тән, ал ең төменгі мәндері әлеуметтік және экологиялық бөлікке тән. 1-суретте әлемдік ұйымдар әзірлеген инклюзивті даму көрсеткіштері ұсынылған.

Әлемдік ұйымдар әзірлеген инклюзивті даму көрсеткіштері		
БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы)	ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы)	ХЭФ (Халықаралық экономикалық форум)
Интеграцияланған экологиялық және экономикалық шоттар жүйесі	Жақсы өмір индексі	Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі
		Әлеуметтік даму индексі (М. Портер)
Адам әлеуетінің даму индексі		Инклюзивті даму индексі

Сурет 1– Әлемдік ұйымдар әзірлеген инклюзивті даму көрсеткіштері

Ескертпе: [8] дереккөз негізінде авторлармен әзірленген.

Дамыған елдер, соның ішінде АҚШ, ЕО, Ұлыбританияның ұлттық даму стратегиялары тұрақты дамудың «белгілеген көрсеткіштеріне» сүйене отырып дамуда. Берілген индекстер тек экономикалық емес (тек ЖІӨ емес), әлеуметтік (табыс теңсіздігі), экологиялық (тұрақты даму), технологиялық (жаһандық ақпараттық технологиялық өзгерістері) факторларды қамтиды.

Американдық ғалым М. Портердің «Әлеуметтік даму көрсеткіштерінен» халықтың әлауқаты мен тұмыс жағдайын анықтауда инклюзивтілік көрсеткіштері 3 санатқа бөлінген 52 индикаторды ұсынады. Аталған индикаторлар өлшемі 0–100 аралығында орналасады. Портердің әлеуметтік даму индексі негізінде республикамыздың 2021–2022 жж. бойынша даму өлшемдерін 1-кестеде қарастырамыз.

Кесте 1 – Қазақстан мысалындағы М. Портердің 2021–2022 жж. әлеуметтік даму индекстері

Индикаторлардың түрлері	1 топ	2021 ж.	2022 ж.	2 топ	2021 ж.	2022 ж.	3 топ	2021 ж.	2022 ж.
	Мәндері			Мәндері			Мәндері		
	Адамға қажетті 1-ші кезектегі қажеттіліктері	86,49	84,49	Адамның тұрмыс-жағдайы	75,83	72,99	Адамдарның даму мүмкіндігі	54,38	56,15
Тамақтану мен медицина қызметтері	95,53	92,87	Білімге қол жетімділігі	94,54	90,85	Жеке адам құқықтары	53,63	55,77	
Су мен санитарлық жағдайы	93,93	88,20	Ақпарат және коммуникация жетімділігі	78,20	83,70	Инклюзивтілік	30,01	35,93	
Баспана	91,89	91,31	Денсаулық	61,69	55,81	Жеке бостандық және таңдау	71,58	72,00	

Ескертпе: [9] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Кестеде берілген мәліметтерге сәйкес, 2021–2022 жж. аралығындағы өзгерістерді, соның ішінде 1 санат бойынша Адамға қажетті 1-ші кезектегі қажеттіліктері мен 2 санаттағы Адамның тұрмыс жағдайының төмендеуін байқауға болады.

Әлеуметтік даму көрсеткіштерінің төмендеуі халықтың әлауқатының нашарлағанын көрсетеді. 3 санат бойынша 2 өлшемге өсіп, соның ішінде инклюзивтілік көрсеткіші 5,92 өлшемге көтерілген. Яғни, нақты өсу мемлекет деңгейінде жүргізіліп жатқан түрлі мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесі. Қорытындылай келе, Әлеуметтік даму көрсеткіштері бойынша орташа өлшемі 71,2 тең, яғни 169 елдің 65 орнында орналасып отыр.

Әлеуметтік даму көрсеткіштерінің әртүрлілігі, елдегі дамудың инклюзивтілігін анықтайтын тағы бір фактор бар – бұл өңірлерді әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша саралау деңгейі. Аймақтық дамудың дифференциациясының өсуі соңғы кездегі жағымсыз тенденциялардың бірі. Яғни, мемлекеттің реттеуші функциясының төмендеуі, төмен әлеуметтік-экономикалық өтемақылар, өңірлік дамуға біркелкі емес мемлекеттік инвестициялардың бөлінуі, экологиялық, технологиялық факторлар және т.б. әсерінен.

Бұл модель кестеде көрсетілген факторлар негізінде өңірлер мен тұтастай алғанда елдің тұрақты дамуының интегралды индикаторларын анықтауға мүмкіндік береді.

Туризм саласындағы аймақтарды дамытудың инклюзивтілігі көрсеткіштерінің жүйесіндегі (экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, технологиялық, демографиялық көрсеткіштері) 2-суретте берілген (297 б.).

Экономикалық көрсеткіштер	
Жан басына шаққандағы ЖӨӨ	Орналастыру орындарымен көрсетілген туристік қызметтердің көлемі
Негізгі капиталға инвестициялар	Тұру және тамақтану қызметтері саласындағы ЖӨӨ
Әлеуметтік көрсеткіштер	
Халықты тұру және тамақтану қызметтері саласында жұмыспен қамту	Джини коэффициенті
Халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай кірістерін бағалау	Халықтың орташа жылдық саны
Экологиялық көрсеткіштер	
Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар	Қоршаған ортаны қорғауға арналған ағымдағы шығындардың көлемі
Атмосфераны ластау шығарындары	
Технологиялық көрсеткіштер	
Кәсіпорындардың барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі	конак үйлердің, төсек орындардың толымдылығы және орналастыру орындарындағы нөмірлер саны
Аймақтық көрсеткіштер	
ЖІӨ-дегі өңірлердің үлес салмағы	Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны
Жалпы аймақтық өнім	
Демографиялық көрсеткіштер	
Халықтың демографиясы 1000 адамға шаққандағы туу коэффициенті	1000 адамға шаққандағы өлім-жітім коэффициенті
1000 адамға шаққандағы туу коэффициенті	

Сурет 2 – Туризм саласындағы аймақтарды дамытудың инклюзивтілігі көрсеткіштерінің жүйесі

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Туризм саласындағы аймақтарды дамытудың инклюзивтілігі көрсеткіштерінің жүйесіндегі 6 негізгі көрсеткіштің тұжырымдамалық мәніне және әсеріне тоқталамыз. Экономикалық көрсеткіштер – экономикалық көрсеткіштердің өсуі және инновациялық дамуын, әлеуметтік көрсеткіштер – қоғамның әлауқаты мен өмір сүру сапасын жақсарту және туризмнің өсуіне, экологиялық көрсеткіштер – қоғамның әлауқатының өсуі және экономикалық өсу, аймақтардың экологиялық жүйесінің сақталуы, технологиялық көрсеткіштер – жаңа прогрессивті технологиялардың дамуына ықпал етуі, аймақтық көрсеткіштер – аймақтардың экономикасын дамытуды қолдау, даму қарқынын, даму ауқымы мен арақатынасын жақсартуға, демографиялық көрсеткіштер – халықтың көбеюі, әлеуметтік топтарға қолдау көрсетуге бағытталады. Әрбір бағыт бойынша, атап айтқанда әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, аймақтық, демографиялық, технологиялық тұрақтылық көрсеткіштерін анықтау үшін осы көрсеткіштердің орташа арифметикалық бағасы қолданылады. Әр көрсеткіштің үлес салмағының маңыздылығы 1 формуламен анықталады.

$$\begin{aligned}
 & \text{Тұрақтылық көрсеткіші} = \\
 & = \frac{n1 * \text{Экон.к.} + n2 * \text{Экол.к.} + n3 * \text{Әлеум.к.} + n4 * \text{Аймақт.к.} + n5 * \text{Дем.к.} + n6 * \text{Техн.к.}}{6} \quad (1)
 \end{aligned}$$

мұндағы;

n1-6 – экономикалық, әлеуметтік, экология және аймақ, демографиялық, технологиялық көрсеткіштері және олардың үлес салмағы;

Экон.к. – тұрақты дамудағы экономикалық көрсеткіштің үлесі;
 Экол.к. – тұрақты дамудағы экологиялық көрсеткіштің үлесі;
 Әлеум.к. – тұрақты дамудағы әлеуметтік көрсеткіштің үлесі;
 Аймақт.к. – тұрақты дамудағы аймақтық көрсеткіштің үлесі;
 Дем.к. – тұрақты дамудағы демографиялық көрсеткіштің үлесі;
 Техн.к. – тұрақты дамудағы технологиялық көрсеткіштің үлесі.

Анықталған көрсеткіштер негізінде осы аймақтардың инклюзивті даму рейтингтері, рейтинг дәрежесі әдісі негізінде анықталады, осы рейтингтің көмегімен олардың даму деңгейін көре аламыз.

Аталған аймақтарды талдау барысында ШҚО, Алматы облысы мен Алматы қаласы негізінде үлгі құрылды, өйткені кластерлеуді талдауда осы аймақтар туризм саласының даму деңгейімен тікелей байланысты.

Аймақтарды талдау үлгісі арқылы тұрақты дамудағы интегралды көрсеткіштерін анықтау арқылы қол жеткізе аламыз.

Кесте 2 – ҚР, ШҚО, Алматы облысы мен Алматы қаласының инклюзивті даму көрсеткіштерінің жүйесі, 2016–2022 жж.

Аймақтар	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР: Адам басына шаққандағы ЖАӨ, мың тг.							
ҚР	2 113,2	2 294,8	2 330,4	2 639,7	3 014,7	3 382,5	3 755,7
Алматы обл.	886,2	1 002,1	1 021,3	1 114,2	1 235,8	1 378,2	1 585,5
ШҚО	1 480,1	1 636,7	1 656,2	2 006,0	2 289,5	2 598,8	2 929,2
Алматы қ.	4 779,1	5 021,0	5 439,6	6 138,5	6 694,2	6 635,9	7 183,9
Туристік қызмет көрсету, орындарға орналастыру, мың тг							
ҚР	59714164,2	72401941,1	72597228,3	82853434,6	108359760,4	103948256,9	120527162,1
Алматы обл.	1101212,4	2244240,7	3 202 810,2	4779411,8	8280288,8	9783415,5	9722946,4
ШҚО	2940325,5	3677811,8	3290367,2	3877789,5	4278273,5	5889224,5	6338781,3
Алматы қ.	14458622,6	20597143,8	18587043,8	19662212,0	22479 547,1	25710759,7	32293595,3
Негізгі капиталға инвестиция салу, млн тг							
ҚР	6072687	6591482	7024709	7762303	8770572	11179036	12576793
Алматы обл.	431364	453209	490619	528883	524217	578720	647330
ШҚО	301168	345943	411930	436751	436107	494597	621913
Алматы қ.	482877	511598	533370	581574	644406	732930	820449
Тамақтануда қызмет көрсетудегі Жалпы аймақтық өнім, млн тг							
ҚР	312826,6	366 505,8	420 185,0	528 771,4	645 467,1	703 857,5	793 329,6
Алматы обл.	13935,8	14 744,4	15 553,0	15 145,6	18 905,9	21 767,6	25 767,6
ШҚО	24879,3	25 799,7	24 406,3	24 239,1	22 376,3	27 237,6	31 079,7
Алматы қ.	76835,2	85 010,3	103 185,4	158 613,6	185 639,0	201 062,8	218 450,4
ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР: Тамақтану саласындағы жұмыспен қамтылу, мың адам							
ҚР	139,02	167,27	174,23	170,89	191,95	187,70	196,92
Алматы обл.	20,71	17,55	18,19	19,08	22,59	21,96	23,35
ШҚО	10,78	13,17	15,10	15,25	29,45	20,51	15,82
Алматы қ.	17,95	28,04	19,36	21,78	23,47	24,38	24,70
Джини коэффициенті, %							
ҚР	0,276	0,278	0,278	0,278	0,287	0,289	0,290
Алматы обл.	0,245	0,247	0,255	0,257	0,275	0,280	0,281
ШҚО	0,281	0,280	0,284	0,279	0,305	0,305	0,316
Алматы қ.	0,250	0,250	0,271	0,286	0,288	0,297	0,289
Халықтың орташа жан басына шаққандағы табысы, тг							
ҚР	56 453	62 271	67 321	76 575	83 710	93 135	104 282
Алматы обл.	43 352	47 557	53 860	60 351	64 072	69 652	79 528
ШҚО	49 764	53 504	55 392	64 574	74 594	85 630	97 835
Алматы қ.	95 095	104 832	111 530	124 281	130 268	138 927	150 380

2-кестенің жалғасы

Халықтың орташа жылдық саны, адам							
ҚР	17 035 550	17 288 285	17 542 806	17 794 055	18 037 775	18 276 452	18 513 673
Алматы обл.	1 965 702	1 953 230	1 934 720	1 965 508	2 000 372	2 028 106	2 047 330
ШҚО	1 394 228	1 394 927	1 395 742	1 392 794	1 386 657	1 381 136	1 374 062
Алматы қ.	1 490 874	1 574 171	1 672 105	1 727 037	1 776 651	1 828 325	1 885 739
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР: Қонақ үйлердегі орындардың толтырылуы, %							
ҚР	27,35	23,13	22,80	22,70	25,00	23,20	23,70
Алматы обл.	18,00	13,79	20,40	19,30	19,70	19,60	18,30
ШҚО	28,34	25,07	26,10	25,30	24,70	28,60	27,60
Алматы қ.	28,05	26,93	26,30	26,30	29,80	29,40	29,20
Қонақ үйлердің нөмірлер саны, бірлік							
ҚР	41197,00	49128,00	53126,00	60427,00	65791,00	71858,00	75913,00
Алматы обл.	2433,00	3729,00	4666,00	6457,00	8204,00	9544,00	9941,00
ШҚО	5349,00	6557,00	6953,00	8320,00	8958,00	10220,00	10743,00
Алматы қ.	6953,00	8061,00	8596,00	8845,00	10883,00	11828,00	7317,00
Қонақ үйлердің инновациялық жағдайы, %							
ҚР	8,0	8,1	8,1	9,3	9,6	10,6	11,3
Алматы обл.	9,5	9,4	6,9	7,8	8,1	8,3	9,3
ШҚО	5,6	7,6	11,5	14,9	15,1	15,5	14,9
Алматы қ.	8,0	5,0	4,7	7,6	7,7	9,6	12,2
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР: Қоршаған ортаға қорғау шығындары, мың тг							
ҚР	129093 789,00	140578 609	174650 049,00	152205 626,00	175445 180,00	191015 579,00	221670 479,00
Алматы обл.	1623377,1	160807,0	2431904,0	1793189,0	844376,0	841212,0	1287082,0
ШҚО	11771254,5	13316733,0	15838119,0	15063348,0	17783490,0	21125691,0	22885867,0
Алматы қ.	2917764,5	3664194,0	3393266,0	2781349,0	3314767,0	3918314,0	4512795,0
Ауаны тазартуға жұмсалатын шығындар, мың тонна							
ҚР	2282,70	2256,70	2180,00	2271,60	2357,80	2446,70	2483,10
Алматы обл.	68,40	51,60	55,00	50,30	43,40	50,20	48,10
ШҚО	125,00	129,60	127,10	128,60	129,30	130,70	128,80
Алматы қ.	12,40	43,50	39,10	38,80	41,10	43,00	46,10
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР: Халық саны, адам							
ҚР	16910246	17160855	17415715	17669896	17918214	18157337	18395567
Алматы обл.	1 946 831	1 984 572	1 921 888	1 947 552	1 983 465	2 017 278	2 038 935
ШҚО	1 394 068	1 394 388	1 395 466	1 396 019	1 389 568	1 383 745	1 378 527
Алматы қ.	1 474 849	1 506 899	1 641 444	1 702 766	1 751 308	1 801 993	1 854 656
Туу көрсеткіші, 1000 адам санына							
ҚР	22,73	23,10	22,71	22,52	21,64	21,77	21,73
Алматы обл.	24,66	25,30	25,30	25,88	24,98	24,86	24,67
ШҚО	16,37	17,01	16,40	16,45	15,98	15,83	15,90
Алматы қ.	18,32	19,15	18,63	18,36	17,69	18,19	18,19
АЙМАҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР: ЖІӨ аймақтардың үлесі, %							
ҚР	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
Алматы обл.	4,8	4,8	4,8	4,7	4,5	4,5	4,67
ШҚО	5,7	5,8	5,7	5,9	5,8	5,8	5,79
Алматы қ.	20,0	20,5	22,3	22,6	21,9	19,6	19,48
Келушілерге қызмет көрсету саны, адам							
ҚР	3 307 752	3 804 447	3 802 225	4 217 782	5 279 406	5 526 864	6 266 563
Алматы обл.	116 542	196 718	264 819	435 239	703 663	809 794	834 182
ШҚО	387 030	453 063	424 336	460 878	486 157	565 030	612 689
Алматы қ.	583 456	761 243	721 729	793 067	969 861	1 084 991	1 334 230
Жалпы аймақтық өнім, млн тг							
ҚР	35 999025,1	39675832,9	40884133,6	46971150,0	54378857,8	61819536,4	69532626,5
Алматы обл.	1741930,5	1910 366,2	1976047,7	2190 005,1	2472041,8	2795117,0	3246080,4
ШҚО	2062969,4	2282709,8	2 311366,2	2793895,7	3174812,8	3589332,8	4024968,4
Алматы қ.	35999025,1	39675832,9	40884133,6	46971150,0	54378857,8	61819536,4	69532626,5

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Деректер көрсеткіштердің өлшем бірліктеріндегі айырмашылықтарды жою үшін алдымен орташа мәнді алып тастау және дисперсияның бірге тең болуына әкелетін стандартты ауытқуға бөлу арқылы нормаланды.

Барлық көрсеткіштер бойынша тұрақтылық әрбір бағыттың нормаланған мәндерінің орташа арифметикалық бағаларымен анықталады (3-кесте).

Кесте 3 – Барлық бағыттар бойынша тұрақтылық көрсеткіштері

Экономикалық көрсеткіштер							
Аймақтар	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
ҚР	-0,9716	-0,9742	-0,4511	0,0055	0,1972	0,9672	1,2271
Алматы обл.	-0,9755	-0,3311	-0,5155	-0,4422	0,1251	0,9457	1,1936
ШҚО	-0,6613	-0,5470	-0,5242	-0,2178	-0,5063	0,9094	1,5472
Алматы қ.	-1,1619	-0,8393	-0,1132	-0,0785	0,3317	0,6473	1,2141
Әлеуметтік көрсеткіштер							
ҚР	-1,3829	-0,7368	-0,4552	-0,2456	0,6116	0,8884	1,3205
Алматы обл.	-0,7051	-1,0142	-0,8016	-0,3566	0,6062	0,8952	1,3762
ШҚО	-0,5421	-0,3887	-0,1944	-0,2318	0,7213	0,3453	0,2904
Алматы қ.	-1,4241	-0,4144	-0,5150	0,1173	0,4318	0,8179	0,9865
Технологиялық көрсеткіштер							
ҚР	-0,1459	-0,7496	-0,7091	-0,2306	0,4456	0,5024	0,8872
Алматы обл.	-0,1685	-0,6899	-0,4425	-0,0967	0,2649	0,4706	0,6620
ШҚО	-0,6400	-0,9424	-0,3448	0,0004	0,0014	1,0457	0,8797
Алматы қ.	-0,3301	-0,7607	-0,8403	-0,4206	0,7440	1,0745	0,5332
Экологиялық көрсеткіштер							
ҚР	-0,9763	-0,8140	-0,3313	-0,5236	0,2295	0,8294	1,5862
Алматы обл.	0,8346	0,1053	1,2279	0,2702	-1,1489	-0,8649	-0,4241
ШҚО	-1,4473	-0,3724	-0,4023	-0,2627	0,3106	1,1113	1,0628
Алматы қ.	-1,3888	0,3518	-0,0795	-0,7731	-0,1092	0,6216	1,3772
Демографиялық көрсеткіштер							
ҚР	0,6497	0,4894	0,0680	-0,1346	-0,8650	-0,1233	-0,0842
Алматы обл.	0,0165	0,2642	-0,0568	0,3386	-0,1953	-0,2460	-0,1210
ШҚО	0,5606	0,4273	-0,0405	-0,1877	-0,8176	-0,0418	0,0997
Алматы қ.	0,0239	0,6170	-0,0635	-0,1829	-0,6445	0,0263	0,2238
Территориялық көрсеткіштер							
ҚР	-0,4316	-0,1821	-0,1505	0,1386	0,6598	0,9339	1,3651
Алматы обл.	-0,4739	-0,2810	-0,1651	-0,0921	-0,1166	0,2007	0,9280
ШҚО	-1,1926	-0,3303	-0,9231	0,4187	0,2128	0,7326	1,0820
Алматы қ.	-1,0047	-0,5482	-0,1146	0,2167	0,4695	0,2398	0,7414

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Тұрақты дамудың интегралды көрсеткішін анықтау кезінде бұрын есептелген тұрақтылық көрсеткіштерінің әрқайсысының жалпы тұрақтылыққа әсер ету дәрежесі әртүрлі болатынын ескеру қажет.

Әдебиетке шолу

Туризм саласының инклюзивті бағытта дамуы әлем бойынша жан-жақты халықаралық деңгейде зерттелуде.

Инклюзивті туризм саласын зерттеуші ресей ғалымы М.В. Якименко, О.З. Русева тәжірибеде инклюзивті туризмді басқарудың тиімді механизмін қалыптастыруға кешенді көзқарастың жоқтығы туралы қорытындыға келді, сонымен қатар ресейлік инклюзивті туризмнің қазіргі жағдайын зерттеу барысында, оның ішінде қалыптасқан нормативтік-құқықтық негіз тұрғысынан алынған бірқатар тұжырымдар, соңғы уақытта қол жетімді органы қалыптастыруға, құқықтарды қорғауға және мүмкіндігі шектеулі жандарға туристік қызмет көрсету үдерісіне бағытталған бірқатар құжаттар әзірленгені қарастырылады [11].

И.В. Семченко, Е.В. Нежелыченко және басқа да ғалымдардың зерттеу еңбегінде инклюзивті туризм туристік сала мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндігіне негізделген серіктестік қатынастардың күрделі жүйесі ретінде қарастырылады. Туризм негізінде халықтың әртүрлі топтарын біріктіріп, оның қызметінен табыс пен пайда алу қабілетіне негізделген инклюзивті туристік бағыттарды дамыту мәселелері халықаралық туристік ұйымдардың (UNWTO) назарында екендігін атап өтеді [12].

Цзюнь Ли, доктор Камруззаман, Қытай және Бандгладеш университеттерінің ғалымдары туризм саласындағы мультипликатор әсерін, даму арнасы арқылы туризм адами капиталдың тұрақты дамуын ынталандыру сұрақтарын зерттеген. Ғылыми жұмысында туризмнің экономикалық әсері туристердің белгілі бір аймақта жұмсайтын ақша мөлшеріне тікелей әсер ететін «мультипликатормен» өлшенуін қарастырады [13].

Жаңа Зеландия мектебінің «Қонақжайлылық және туризм» мектебінің зерттеушілері Бриэль Гилович және Элисон Макинтоштың ғылыми жұмысында мүмкіндігі шектеулі адамдарды туризмге және қоғамға тартуды, инклюзивті бағытта туризмнің дамуы үшін мүмкіндігі шектеулі жандарға болашақ күнтәртібін ұсыну мәселесі, әлеуметтік кедергілердің жойылуы туралы, қоғамда қатар жүруге және тиімді шешімдер қабылдауын арттыру қажеттілігін қарастырады [14].

Ресей ғалымы А.С. Петрова Ресей аймағындағы мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған табысты туристік бизнестің мысалдары негізінде Новгород қаласының аумағында инклюзивті туризм алаңын ұйымдастыру үшін әлеуетін пайдалану мүмкіндігін анықтау мен қаланың жеткілікті артықшылықтары, сондай-ақ дайындалған материалдық-техникалық базасын, инклюзивті туризмді дамытудағы қиындықтары, тиісті нақты әдістемелік және заңнамалық базаның болмауын қарастырады [15].

А.А. Алдашевтың (2020) ғылыми зерттеу жұмысында туризмнің дамуына экономика, саяси және мәдени факторларының үлесін, халықаралық әлеуметтік-экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың перспективаларын бағалаудағы маңызына, төлем бағасы мен валюта бағамына тоқталады [16].

Негізгі ережелер

Еліміздегі туризм саласын қарқынды дамыту мақсатында жүргізіліп жатқан біршама іс-шаралардың жалғасы ретінде, ҚР-ның Спорт және туризм Министрлігі «2023–2029 жж. бағытталған туризм саласын дамыту концепциясын» бекіту арқылы еліміздің туризм саласы қарқынды дамуға бағыт алып отыр [10].

Жалпы туризмнің дамуының мультипликативті әсері белгілі, әсіресе заманауи трендке айналған туризмнің инклюзивті бағытта дамуы қоғамдағы азаматтардың сыртта тыс қалмай, осы бағыттың дамуының қарқынды қатысушысы болуына бағыттайды. Инклюзивті туризм – бұл рекреациялық туризмнің бағыты, онда адам белгілі бір жағдайда жаңа білім алады, демалып, физикалық және рухани күштерін қалпына келтіреді. Қазіргі уақытта инклюзивті тәсілде туризмді дамыту заманауи бағытқа айналуда. ҚР-ң Президентінің Халыққа жолдауларында еліміздің салаларының инклюзивтілік бағытта дамуының маңыздылығын айтады.

Ғылыми мақалада қарастырылып отырған аймақтар негізінде халықаралық туризмнің инклюзивті құралы – туристік бағыттардың тұрақты даму модельдерін қалыптастыру және туристік бағыттардың тұрақты даму моделін құру, аймақтар мен тұрақты даму индикаторларының корреляциялық байланыс дәрежесін анықтау екені айқындалды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі уақытта туристік бағыттардың тұрақты даму модельдерін қалыптастыру өзекті мәселе, өйткені бұл аймақтар елдің дамуында маңызды рөл атқаратыны белгілі.

Авторлар туристік бағыттардың тұрақты даму моделін құрудың негізі ретінде мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін басқару үдерісі мен факторларын біріктіру және жүйелеу құралы ретінде кешенді тәсілді ұсынады. Тұрақты даму және инклюзивті даму тұжырымдамасы аймақтардың туризм мәселелерін және экономикалық, әлеуметтік, технологиялық, экологиялық, демографиялық және аймақтық мақсаттарды шешумен байланысты.

Жағдайды талдау үшін авторлар Шығыс Қазақстан облысы, Алматы облысы және Алматы қаласын қамтитын модельді қарастырады. Шығыс Қазақстан облысы назарға алынды, өйткені кластерлеуді талдау кезінде бұл аймақ туристік саланың даму дәрежесі бойынша аймақтарға кірді.

Бұл модель қарастырылып отырған аймақтар мен тұтастай алғанда елдің тұрақты дамуының интегралды индикаторларын көрсеткіштер негізінде айқындауға мүмкіндік берді.

Көрсеткіштердің өлшем бірліктеріндегі айырмашылықтарды жою мақсатында алдын-ала орташа мәнді алып тастау және стандартты ауытқуға бөлу арқылы деректерді қалыпқа келтіру жүргізілді, бұл бірліктің дисперсиясының теңдігіне әкеледі. Экономикалық, әлеуметтік, технологиялық, экологиялық, демографиялық және аймақтық тұрақтылық көрсеткіштері әр бағыт бойынша көрсеткіштердің қалыпқа келтірілген мәндерінің орташа арифметикалық бағасы ретінде есептелді. Басымдылық салмақтары барлық 6 көрсеткіштің абсолюттік мәндерінің қосындысындағы әрбір тұрақтылық индикаторының абсолюттік мәнінің үлесі ретінде анықталды. Есептеу нәтижелері 4-кестеде ұсынылған.

Кесте 4 – Тұрақтылық көрсеткіштерінің басымдылық салмағы және оның нәтижелері, 2016–2022 жж.

Көрсеткіштер	Басымдылық салмағы						
	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
Қазақстан Республикасы							
Экономикалық	0,2132	0,2469	0,2083	0,0043	0,0655	0,2279	0,1896
Әлеуметтік	0,3034	0,1867	0,2102	0,1921	0,2033	0,2093	0,2041
Экологиялық	0,2142	0,2063	0,1530	0,4095	0,0763	0,1954	0,2452
Аймақтық	0,0947	0,0461	0,0695	0,1084	0,2193	0,2200	0,2110
Демографиялық	0,1425	0,1240	0,0314	0,1053	0,2875	0,0291	0,0130
Технологиялық	0,0320	0,1900	0,3275	0,1804	0,1481	0,1184	0,1371
Алматы облысы							
Экономикалық	0,3073	0,1233	0,1606	0,2770	0,0509	0,2610	0,2537
Әлеуметтік	0,2221	0,3776	0,2498	0,2234	0,2467	0,2471	0,2925
Экологиялық	0,2629	0,0392	0,3826	0,1693	0,4676	0,2387	0,0901
Аймақтық	0,1493	0,1046	0,0514	0,0577	0,0474	0,0554	0,1972
Демографиялық	0,0052	0,0984	0,0177	0,2121	0,0795	0,0679	0,0257
Технологиялық	0,0531	0,2569	0,1379	0,0606	0,1078	0,1299	0,1407
Шығыс Қазақстан облысы							
Экономикалық	0,1311	0,1818	0,2158	0,1651	0,1970	0,2172	0,3118
Әлеуметтік	0,1075	0,1292	0,0800	0,1757	0,2807	0,0825	0,0585
Экологиялық	0,2869	0,1238	0,1656	0,1991	0,1209	0,2655	0,2142

4-кестенің жалғасы

Аймақтық	0,2364	0,1098	0,3800	0,3174	0,0828	0,1750	0,2181
Демографиялық	0,1111	0,1421	0,0167	0,1423	0,3181	0,0100	0,0201
Технологиялық	0,1269	0,3133	0,1419	0,0003	0,0005	0,2498	0,1773
Алматы қаласы							
Экономикалық	0,1822	0,2759	0,2613	0,0031	0,0722	0,2822	0,2417
Әлеуметтік	0,2670	0,1173	0,2983	0,0656	0,1581	0,2386	0,1943
Экологиялық	0,2604	0,0996	0,0461	0,4321	0,0400	0,1814	0,2713
Аймақтық	0,1884	0,1552	0,0664	0,1211	0,1719	0,0700	0,1461
Демографиялық	0,0045	0,1747	0,0368	0,1022	0,2360	0,0077	0,0441
Технологиялық	0,0619	0,2154	0,4868	0,2351	0,2725	0,3135	0,1050
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.							

1-формуланы пайдалана отырып, қаралатын аймақтар мен Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының интегралдық индикаторларының мәндері 5-кестеде айқындалды.

Кесте 5 – Тұрақты дамудың интегралдық индикаторларын есептеу нәтижелері.

Тұрақты дамудың интегралды көрсеткіштері	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
Қазақстан Республикасы	-0,1315	-0,1060	-0,0802	-0,0504	0,0195	0,1383	0,2166
Алматы облысы	-0,0528	-0,1001	0,0194	-0,0160	-0,0623	0,0528	0,1567
Шығыс Қазақстан облысы	-0,1435	-0,0778	-0,0993	-0,0038	-0,0170	0,1517	0,1868
Алматы қаласы	-0,1939	-0,0644	-0,1010	-0,0697	0,0365	0,1407	0,1722
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.							

Зерттеу нәтижелері бойынша біз келесі қорытындыға келеміз:

1) 2016–2022 жж. кезеңінде ҚР тұрақты дамуының интегралдық индикаторы сызықтық өсу үрдісіне ие, бұл ауытқуларға ұшырайтын Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласының индикаторлары туралы айту мүмкін емес;

2) тұрақты дамудың барлық интегралдық индикаторлары 2019 жылдан бастап өсуде;

3) 2016 жылдан 2019 жылға дейін Алматы облысының тұрақты дамуының интегралды индикаторы ҚР-ға қарағанда жоғары болды, содан кейін ол айтарлықтай төмендеді және оның мәні барлық қарастырылып отырған аймақтармен салыстырғанда ең төмен болды.

Қазақстан Республикасы мен қарастырылып отырған аймақтардың тұрақты даму индикаторлары арасындағы өзара байланыс дәрежесін анықтау үшін корреляциялық талдау пайдаланылды. Осы мақсатта Пирсонның сызықтық корреляция коэффициенттері 6-кестеде есептелді.

Кесте 6 – ҚР мен қаралып отырған өңірлердің тұрақты даму индикаторлары арасындағы Пирсон корреляциясының сызықтық коэффициенттері

Аймақтар	Алынған коэффициенттері
Алматы облысы	0,8344
Шығыс Қазақстан облысы	0,9715
Алматы қаласы	0,9637
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.	

Зерттеу нәтижесінде келесідей қорытындыға қол жеткіздік:

- 1) Қазақстан Республикасы мен барлық аймақтардың тұрақты даму индикаторлары арасында тікелей тығыз байланыс бар;
- 2) ҚР мен Шығыс Қазақстан облысының тұрақты даму индикаторлары арасында ең үлкен өзара байланыс, ал ҚР мен Алматы облысының индикаторлары арасында ең аз байланыс байқалатыны зерттелді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде әзірленген туристік аймақтарды инклюзивті тұрақты дамыту моделі Шығыс Қазақстан, Алматы облыстары мен Алматы қалаларын дамыту үшін қажетті тұрақтылық деңгейін қамтамасыз ету саласындағы тетіктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан туристік аймақтарды инклюзивті дамытудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету саласында тетікті қалыптастыру үшін, атап айтқанда, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстарының, Алматы қаласының материалдарында туризмді, спортты және халықаралық ынтымақтас-тықты дамыту департаментінің инклюзивті дамуға назар аударатын, елдің аймақтарындағы туристік саланы дамыту стратегиясына әсер ететін құрылымдық бөлімшесін құру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «ҚР-ң туризм саласын дамыту» Заңнамасы. 2001 ж. 13 маусым. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211_
- 2 «ҚР-ң туризм саласын 2019–2025 жылдары дамытуға бағытталған Мемлекеттік бағдарлама. 2019 жыл 31 мамыр № 360 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360>
- 3 Об утверждении Концепции развития туристской отрасли Республики Казахстан на 2023–2029 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 262 қаулысы. URL: <https://www.gov.kz/legalacts/details/P2300000262?lang=>
- 4 «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев халыққа жолдауы. 2022 ж. 1 қыркүйек. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>
- 5 «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты». ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев халыққа жолдауы. 2023 ж. 1 қыркүйек. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva->
- 6 Inclusive growth commission: making our economy work for everyone. Report of the Commission on Inclusive Growth. March 7, 2017. URL: <https://www.thersa.org/projects/archive/public-services-communities/i>
- 7 Пахомова Н.В. Инклюзивный устойчивый рост: приоритеты, индикаторы, международный опыт, потенциал согласования с моделью реиндустриализации / Н.В. Пахомова, К.К. Рихтер, Г.Б. Малышков // ПСЭ. – 2014. – № 3 (51). – С. 15–24.
- 8 The Global Competitiveness Report 2017. Insight Report. The Inclusive Growth and Development Report 2017. URL: https://www3.weforum.org/docs/WEF_Forum_IncGrwth_2017.pdf
- 9 Porter M. Indicators of social progress // Analytical annual report. The Social Progress Imperative. 2022. URL: <https://www.socialprogress.org/>
- 10 «2023–2029 жылдарға бағытталған туризм саласын дамыту концепциясы». ҚР-ң Спорт және туризм министрлігі. 2023 жыл 28 наурыз № 262 қаулысы. URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262
- 11 Якименко М.В., Ресева О.З. Обзор современного состояния и перспективы развития инклюзивного туризма в России: формирование комплексного представления // Сервис в России и за рубежом. – 2021. – Т. 15. – № 3. – С. 27–36.
- 12 Семченко И.В., Нежелъченко Е.В., Ясенюк С.Н., Болтенко Ю.А. Формирование современного взгляда на развитие инклюзивности в туризме // Научный результат. Технологии бизнеса и сервиса. – 2021. – Т. 7. – № 4. – С. 34–50.
- 13 Jun L., Qamruzzaman M. Does Tourism Induce Sustainable Human Capital Development in BRICS Through the Channel of Capital Formation and Financial Development? Front. Psychol. 06 April 2022. Vol. 13. URL: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.804349>

14 Gillovic B., McIntosh A. Accessibility and Inclusive Tourism Development: Current State and Future Agenda. School of Hospitality and Tourism, Auckland University of Technology, Auckland 1010, New Zealand. Sustainability. 2020. Vol. 12. P. 2–15. URL: <https://ideas.repec.org/a/gam/jsusta/v12y2020i>

15 Петрова А.С. О возможностях развития инклюзивного туризма в России: региональный опыт // BENEFCIUM. – 2020. – № 3(36). – С. 28–34. URL: <http://doi.org/10.34680/BENEFCIUM>.

16 Алдашева А.А. Международный туризм это будущее страны. Политическая и социальная история // Исторические и социально-политические науки. – 2020. – Том 1. – № 64. URL: <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/>

REFERENCES

1 «QR-ñ turizm salasyn damyту» Zañnamasy. 2001 j.13 mausym. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211_. (In Kazakh).

2 «QR-ñ turizm salasyn 2019–2025 jyldary damyтуға baғыttalğan Memlekttik baғdarlama. 2019 jyl 31 mamyr No. 360 qaulysy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360>. (In Kazakh).

3 Ob utverzhdenii Konceptii razvitija turistskoj otrasli Respubliki Kazahstan na 2023–2029 gody. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 28 marta 2023 goda No. 262 qaulysy. URL: <https://www.gov.kz/legalacts/details/P2300000262?lang=>. (In Russian).

4 «Ädilet memleket. Birtütas ült. Berekeli qoғam» QR Prezidenti Q.K. Toqaeв halyqqa joldauy. 2022 j. 1 qyrküiek. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>. (In Kazakh).

5 «Ädil Qazaqstannyñ ekonomikalyq baғыty». QR Prezidenti Q.K. Toqaeв halyqqa joldauy. 2023 j. 1 qyrküiek. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva->. (In Kazakh).

6 Inclusive growth commission: making our economy work for everyone. Report of the Commission on Inclusive Growth. March 7, 2017. URL: <https://www.thersa.org/projects/archive/public-services-communities/i>. (In English).

7 Pahomova N.V. (2014) Inkljuzivnyj ustojchivyj rost: priority, indikatory, mezhdunarodnyj opyt, potencial soglasovaniya s model'ju reindustrializacii / N.V. Pahomova, K.K. Rihter, G.B. Malyshev // PSJe. No. 3 (51). P. 15–24. (In Russian).

8 The Global Competitiveness Report 2017. Insight Report. The Inclusive Growth and Development Report 2017. URL: https://www3.weforum.org/docs/WEF_Forum_IncGrwth_2017.pdf. (In English).

9 Porter M. (2022) Indicators of social progress // Analytical annual report. The Social Progress Imperative. URL: <https://www.socialprogress.org/>. (In English).

10 «2023–2029 jyldarға baғыttalğan turizm salasyn damyту konsepsiasy». QR-ñ Sport jäne turizm ministrliğı. 2023 jyl 28 nauryz No. 262 qaulysy. URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262. (In Kazakh).

11 Jakimenko M.V., Reseva O.Z. (2021) Obzor sovremennogo sostojaniya i perspektivy razvitija inkljuzivnogo turizma v Rossii: formirovanie kompleksnogo predstavleniya // Servis v Rossii i za rubezhom. V. 15. No. 3. P. 27–36. (In Russian).

12 Semchenko I.V., Nezhel'chenko E.V., Jasenok S.N., Boltenko Ju.A. (2021) Formirovanie sovremennogo vzgljada na razvitie inkljuzivnosti v turizme // Nauchnyj rezul'tat. Tehnologii biznesa i servisa. V. 7. No. 4. P. 34–50. (In Russian).

13 Jun L., Qamruzzaman M. (2022) Does Tourism Induce Sustainable Human Capital Development in BRICS Through the Channel of Capital Formation and Financial Development? Front. Psychol. 06 April. Vol. 13. URL: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.804349>. (In English).

14 Gillovic B., McIntosh A. (2020) Accessibility and Inclusive Tourism Development: Current State and Future Agenda. School of Hospitality and Tourism, Auckland University of Technology, Auckland 1010, New Zealand. Sustainability. Vol. 12. P. 2–15. URL: <https://ideas.repec.org/a/gam/jsusta/v12y2020i>. (In English).

15 Petrova A.S. (2020) O vozmozhnostjakh razvitija inkljuzivnogo turizma v Possii: regional'nyj opyt // BENEFCIUM. No. 3(36). P. 28–34. URL: <http://doi.org/10.34680/BENEFCIUM>. (In Russian).

16 Aldasheva A.A. (2020) Mezhdunarodnyj turizm jeto budushhee strany. Politicheskaja i social'naja istorija // Istoricheskie i social'no-politicheskie nauki. Tom 1. No. 64. URL: <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/>. (In Russian).

С.Т. КАРГАБАЕВА,¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: ksauleshka@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9932-7676

М.К. ТУЛЕУБАЕВА,²

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: mika75.75@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-8113-8532

Г.У. МАКЕНОВА,^{*3}

м.э.н., ст. преподаватель.

*e-mail: gulsim.nakenova@narxoz.kz

ORCID ID: 0000-0002-1684-1694

О.В. КИРИЧОК,⁴

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: o.kirichok@cu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-1059-4917

¹Алматы Менеджмент университет,

г. Алматы, Казахстан

²Казахский университет международных
отношений и мировых языков имени Абылай хана,

г. Алматы, Казахстан

³Университет Нархоз,

г. Алматы, Казахстан

⁴Каспийский общественный университет,

г. Алматы, Казахстан

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТУРИЗМ КАК ИНСТРУМЕНТ ИНКЛЮЗИВНОГО РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ

Аннотация

Основной целью статьи является определение степени взаимосвязи индикаторов устойчивого развития регионов путем формирования моделей устойчивого развития туристских направлений как инклюзивного инструмента международного туризма в развитии регионов и построения модели устойчивого развития туристских направлений. Для анализа ситуации авторы рассматривают модель, включающую Восточно-Казахстанскую, Алматинскую области и город Алматы. В ходе исследования было выявлено концептуальное значение и влияние шести основных ключевых показателей в системе инклюзивных показателей развития регионов в сфере туризма. Сфера услуг во всем мире стремительно развивается и обеспечивает занятость миллионов людей, кроме того, процесс развития сферы туризма в инклюзивном направлении является одним из основных направлений в Национальных стратегиях развития международных организаций и развитых стран. Поэтому актуальность работы состоит в исследовании международного туризма как инструмента инклюзивного развития регионов. Основными методами исследования послужили обобщение, сравнение, экономический и статистический анализ, а также использовалось среднее арифметическое значение показателей определения степени и значения удельного веса, корреляционный анализ и коэффициенты линейной корреляции Пирсона. Авторы предлагают комплексный подход в качестве инструмента интеграции и систематизации управленческого процесса и показателей, влияющих на достижение целей, как основу построения модели устойчивого развития туристских направлений. Рекомендуется сформировать механизм в сфере обеспечения необходимого уровня стабильности развития туристских регионов.

Ключевые слова: международный туризм, инклюзивное развитие, регион, организации, ключевые показатели, страны, сфера услуг.

S.T. KARGABAYEVA,¹

c.e.s., associate professor.

e-mail: ksauleshka@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9932-7676

M.K. TULEUBAYEVA,²

c.e.s, associate professor.

e-mail: mika75.75@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-8113-8532

G.U. MAKENOVA,^{*3}

m.e.s., senior teacher.

*e-mail: gulsim.nakenova@narxoz.kz

ORCID ID: 0000-0002-1684-1694

O.V. KIRICHOK,⁴

PhD, associate professor.

e-mail: o.kirichok@cu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-1059-4917

¹Almaty Management University,

Almaty, Kazakhstan

²Abylai Khan Kazakh University

of International Relations and World Languages,

Almaty, Kazakhstan

³Narxoz university,

Almaty, Kazakhstan

⁴Caspian Public University,

Almaty, Kazakhstan

INTERNATIONAL TOURISM AS A TOOL FOR INCLUSIVE DEVELOPMENT OF REGIONS

Abstract

The main purpose of the article is to determine the degree of interrelation of indicators of sustainable development of regions by forming models of sustainable development of tourist destinations as an inclusive tool of international tourism and building a model of sustainable development of tourist destinations. To analyze the situation, the authors consider a model that includes East Kazakhstan, Almaty regions and the city of Almaty. The study revealed the conceptual significance and influence of 6 indicators in the system of inclusive indicators of regional development. The development of tourism in an inclusive direction is one of the main directions in the national development strategies of international organizations and developed countries. Therefore, the study of international tourism as an instrument of inclusive development of regions reveals the relevance of this work. The main tools were generalizations, comparisons, economic, statistical analysis, as well as to determine each indicator of sustainability, the arithmetic mean of the indicators for determining the degree and value of the specific gravity was used, correlation analysis, Pearson linear correlation coefficients were used to correlate the indicators of sustainable development of the Republic of Kazakhstan and the regions under consideration. The authors propose an integrated approach as a tool for integration, systematization of the management process and indicators that affect the achievement of goals. It is recommended to form a mechanism in the field of ensuring the necessary level of stability of the development of tourist regions, allowing the formation of further mechanisms.

Key words: international tourism, inclusive development, region, organizations, key indicators, countries, service sector.